

Бюджеттік мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 275 бұйрығы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 119-бабының 11-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) 30.06.2026 қоса алғанда қолданыста болды – осы бұйрықтың 3-тармағымен.

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Бюджеттік мониторинг жүргізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармағының үшінші абзацы 01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – осы бұйрықтың 3-тармағымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – осы бұйрықтың 3-тармағымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының үшінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бұл ретте, осы бұйрықтың 1-тармағының екінші абзацы 2026 жылғы 30 маусымды қоса алғанда қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 30 мамырдағы
№ 275 Бұйрығына
1-қосымша

2025 қаржы жылына арналған бюджеттік мониторинг жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағида 30.06.2026 қоса алғанда қолданыста болды – осы бұйрықтың 3-тармағымен.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 30 мамырдағы
№ 275 Бұйрығына
2-қосымша

Бюджеттік мониторинг жүргізу қағидалары

1-тарау. Мақсаты мен міндеттері

1. Осы Бюджеттік мониторинг жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 119-бабы 11-тармағына сәйкес әзірленді және бюджет түсімдерінің атқарылмау себептерін анықтау, міндеттемелерді уақтылы қабылдамау, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдерді уақтылы жүргізбеу, бюджет түсімдері мен шығыстарының атқарылу болжамдарын жасау мақсатында бюджеттік мониторинг жүргізу тәртібін, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын талдауды, мемлекеттік тапсырманы орындау және мемлекеттік тапсырманы орындау туралы есептілікті жасау тәртібін, оны ұсыну нысандары мен мерзімдерін, сондай-ақ резервтерді пайдалану туралы есептерді қалыптастыру тәртібін айқындайды.

Бюджеттік мониторингті мемлекеттік кірістер органдары, салықтық емес түсімдер жөніндегі уәкілетті органдар, негізгі капиталды, трансферттерді, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларын сатудан, мемлекеттің қаржы активтерін, қарыздарды сатудан түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты және бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары жүзеге асырады.

2. Осы Қағидалардың әзірлену мақсаты республикалық және жергілікті бюджеттерді тиімді атқару мақсатында бюджет қаражатын пайдалану жөніндегі мониторинг рәсімдерін жүйелеу, сондай-ақ бюджет түсімдерінің атқарылуын қадағалап отыру.

3. Түсімдердің атқарылуы кезінде және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру кезінде бюджеттік мониторинг міндеттері:

түсімдердің атқарылуын талдау;

төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарын және төленген міндеттемелерді салыстыру жолымен бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаражатын игеруін талдау;

төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына (бұдан әрі – төлемдер бойынша жоспар) сәйкес төлемдердің уақтылы жүргізілмеу және міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарларына (бұдан әрі – міндеттемелер бойынша жоспар) сәйкес міндеттемелердің уақтылы қабылданбау себептерін анықтау болып табылады.

Түсімдерді орындау кезінде және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру кезінде бюджеттік мониторинг міндеттерін орындау үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес бюджеттік мониторинг бойынша есептілік нысандардың тізімі қалыптастырылады.

2-тарау. Бюджеттің атқарылуын талдау тәртібі

1-параграф. Бюджеттің түсімдерінің атқарылуын талдау

4. Бюджет кірістерінің атқарылуын талдау объектілері:

салықтық түсімдер;

салықтық емес түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;

арнаулы түсімдер;

тиісті қаржы жылына арналған бюджет түсімдерінде көзделген ресми трансферттер түсімдері болып табылады.

5. Бюджет кірістерінің атқарылуын талдау субъектілері бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары, өндіріп алуға жауапты және олардың түсуіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар болып табылады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы бойынша талдау жүргізеді.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары облыстың, атап айтқанда облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің, аудандар бюджеттерінің, аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің атқарылуы бойынша талдауды, сондай-ақ бюджеттің төмен тұрған деңгейіне бөлінген нысаналы трансферттердің талдауын жүзеге асырады.

Бюджеттік мониторинг бюджеттің атқарылуына талдау жүргізу функциясына кіретін бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдардың құрылымдық бөлімшелері алған ақпараттың негізінде жүзеге асырылады.

6. Республикалық бюджеттің кіріс бөлігін талдау кезінде пайдаланылатын негізгі құраушы база бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қалыптастыратын есепті деректердің айлық көлемі және Қазақстан Республикасының салықтық және кедендік заңнамаларға сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар және салықтық емес түсімдерді, негізгі капиталды сатып алудан түсетін түсімдерді, трансферттерді есептіден кейінгі айдың 15-не дейінгі мерзімде өндіріп алуға жауапты уәкілетті органдар ұсынатын түсімдердің тиісті түрлерін орындамау немесе асыра орындау себептері болып табылады.

7. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның салықтық, салықтық емес түсімдерді, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер мен трансферттер түсімдерін өндіріп алуға жауапты құрылымдық бөлімшелері, ведомстволары тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 17-сі күнінен кешіктірмей, жылдың басынан бастап республикалық бюджетке түсетін түсімдердің түрлері бойынша жоспарды асыра орындау немесе орындамау себептерін талдауды осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның кірістерді талдау функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне ұсынады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның кірістерді талдау функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 3-і күнінен кешіктірмей, республикалық бюджетке түсетін салықтар мен төлемдердің түрлері бойынша жыл басынан жоспарды асыра орындау немесе орындамау себептерін талдауды осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттің атқарылуын талдау жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшеге ұсынады.

Республикалық және жергілікті бюджеттерге (облыс бюджеті (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан бюджетке (облыстық маңызы бар қала)) түсетін түсімдердің түрлері бойынша жыл басынан жоспарды асыра орындау немесе орындамау себептерін талдау осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Жергілікті бюджет кіріс бөлігінің артығымен атқарылу немесе атқарылмау себептерін талдауды бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары тоқсан сайын есептіден кейінгі айдың 3-і күнінен кешіктірмей жергілікті атқарушы органдарға ұсынады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі екінші айдың 5-і күнінен кешіктірмей республикалық бюджетке түсетін

түсімдер жоспарын асыра орындау немесе орындамау себептерін талдауды Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ұсынады.

8. Бюджеттік кредиттерінің өтеуін талдау объектілері бюджетке түсетін түсімдердің түрлері: республикалық және жергілікті бюджеттен (облыс бюджеті (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан бюджеттен (облыстық маңызы бар қала) берілген кредиттерді өтеуден, төленген мемлекеттік кепілдіктер бойынша талаптарды қайтару болып табылады.

Республикалық және жергілікті бюджеттеріне (облыс бюджеті (республикалық маңызы бар қала, астана) бюджеті), аудан бюджетіне (облыстық маңызы бар қала)) бюджеттік кредиттерінің өтеуін бойынша жыл басынан бастап жоспарын асыра орындалу немесе орындалмау себептерін талдау тоқсан сайын осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

9. Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдердің атқарылуын талдау объектілері заңды тұлғалардың, оның ішінде мемлекеттік меншіктегі халықаралық ұйымдардың, мүліктік кешен түріндегі мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге де мемлекеттік мүлікті сатудан бюджетке түсетін түсімдер.

Республикалық және жергілікті бюджеттеріне (облыс бюджеті (республикалық маңызы бар қала, астана) бюджеті), аудан бюджетіне (облыстық маңызы бар қала)) мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша жыл басынан бастап жоспар орындалу талдау мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғалардың қатысу үлестерін, акциялардың және түсімдердің жоспар мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер жоспар асыра орындалу немесе орындалмау себептерін талдау көрсетіле отырып, тоқсан сайын осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

10. Қарыздар түсімі атқарылуын талдау объектілері қарыздар мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардың шығаруымен және (немесе) қарыздар шарт жасасулармен байланысты бюджетке түсетін қаражат.

Республикалық бюджетіне қарыздар түсімі бойынша жыл басынан бастап жоспарын асыра орындалу немесе орындалмау себептерін талдау тоқсан сайын осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Қарыздар түсімдерінің жоспарын орындау талдауында жылдың басынан бастап ерекшеліктер бөлігінде қарыздар түсімдерінің жоспарын артығымен орындау немесе орындамау себептерін көрсете отырып жоспарланған және іс жүзіндегі түсімдердің сомасының салыстырмалы талдауы жүргізіледі.

11. Тиісті қаржы жылындағы түсімдер бойынша талдамалық есепте осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда Қазақстан Ұлттық банкінің төлем құжаттары

негізінде шетел валютасындағы шоттар бағдармалық сыртқы қарыздар қаражаты туралы деректер көрсетіледі.

12. Республика бойынша және аумақтар шеңберінде есептік мерзімде мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттерге (облыс бюджеті (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан бюджеті (облыстық маңызы бар қала)) салықтардың және төлемдердің түсімі жоспарларының асыра орындалуы немесе орындалмауы салдарына талдау жүргізу барысында төлемдермен салықтардың түсуіне ықпал еткен факторлар (сыртқы сауда айналымының мөлшерінің өзгеруі, минералдық шикізатқа әлемдік баға, салық салу базасының өзгеруі, салықтық және кедендік заңнамадағы өзгерістер, жүйелік сипаттағы бер реттік төлемдер және басқа да факторлар) айқындалады.

13. Республика бойынша және аумақтар шеңберінде ағымдағы жылдың есептік мерзімінде былтырғы жылдың осындай мерзімін салыстырмасы мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттерге (облыстық бюджет, (республикалық маңызы бар қала, астана)) түсімдерді талдау Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысанда құрастырылады, және бюджеттің атқарылуы бойынша орталық уәкілетті органмен (жергілікті атқару органдарымен) тоқсан сайын 3-інші күнге кешіктірмей Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына табыс етеді.

14. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ағымдағы жылдың есепті кезеңінде республикалық және жергілікті бюджеттерге (облыстық бюджет (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан бюджетіне (облыстық маңызы бар қала)) мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдердің талдау бойынша кірістер түсімдерін талдау осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ағымдағы жылдың қаржы активтерін сатудан түскен түсімдерді талдауда өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда есепті жылдың басынан бастап түсімдердің өсу немесе төмендеу себептері көрсетіледі.

15. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ағымдағы жылдың есепті кезеңінде республикалық бюджетке түскен қарыздар түсімдерін талдау осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тоқсан сайын жүзеге асырылады. Ерекшеліктер бөлінісінде өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ағымдағы жылдың есепті кезеңінде түскен қарыздар түсімдерін талдауда өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда есепті жылдың басынан бастап түскен түсімдердің төмендеу немесе өсу себептері көрсетіледі.

16. Бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар тиісті қаржы жылындағы республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы талдамалық есепті дайындау кезінде мынадай құрылымдық бөлімшелер ұсынған деректерді пайдаланады:

1) есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарына дейін:

мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын бөлімше – жоспарларды асыра орындау немесе орындамау себептерін талдаумен төлеушілер бөлінісінде дивидендтер төлеу жоспарын орындау бойынша талдамалық ақпаратты;

бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бөлімшесі – есепті жылда жергілікті бюджетке түсетін салықтар мен төлемдердің түсім жоспарларының асыра орындалуы немесе орындалмауы себептеріне факторлық талдауды;

2) есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін:

бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның кірістерді талдау функцияларын жүзеге асыратын бөлімшесі – есепті жылда республикалық бюджетке түсетін салықтар мен төлемдердің түсім жоспарларының асыра орындалуы немесе орындалмауы себептеріне факторлық талдауды (сыртқы сауда айналымы көлемінің өзгеруі, минералдық шикізатқа әлемдік бағаның өзгеруі, салық салу базасының өзгеруі, салықтық және кедендік заңнамадағы өзгерістер, жүйелік сипаттағы емес біржолғы төлемдер және басқа да факторлар);

салықтың, кедендік және бюджетке төленетін басқа да төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын бөлімше:

ең үлкен бересі сомасы бар борышкерлер бөлінісінде бересінің жалпы азаюына немесе ұлғаюына әсер еткен факторларды көрсете отырып, салықтар мен төлемдер бөлінісінде республикалық және жергілікті бюджеттерге түскен түсімдер бойынша бересі сомасының өзгерістерін алдыңғы жылмен салыстырма талдауды және бересіні азайту бойынша қолданылып отырған шаралар туралы ақпаратты;

кірістерді әкімшілендіруді жақсарту бойынша қолданылған шаралар туралы ақпаратты пайдаланады.

17. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның салықтық, салықтық емес түсімдерді өндіріп алуға жауапты ведомствосына есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанынан кешіктірмейтін мерзімде жеке сәйкестендіру нөмірін (бизнес-сәйкестендіру нөмірін) көрсете отырып, мемлекеттік қолдау алған кәсіпкерлік субъектілерінің тізбесін жібереді.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның салықтық, салықтық емес түсімдерді өндіріп алуға жауапты ведомствосы республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен алынған тізімдердің негізінде оларға 5 ақпаннан кешіктірмей көрсетілген кәсіпкерлік субъектілерінен бюджетке түскен түсімдер туралы ақпаратты ұсынады.

2-параграф. Бюджеттің шығыс бөлігінің атқарылуын талдау

18. Бюджет шығыстары атқарылуының бюджеттік мониторингін республикалық және тиісті жергілікті бюджеттердің атқарылуы жөніндегі бюджеттік есептілік және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері беретін ақпарат негізінде мемлекеттік қазынашылық, бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар,

аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары жүзеге асырады.

Есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражатының игерілмеуі төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының және төленген міндеттемелердің, бюджет қаражатының үнемделуінің, Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервтің, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган резервтерінің бөлінбеген қалдықтары арасындағы айырма, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген нысаналы трансферттерді қайтару және есепті қаржы жылында бөлінген, Кодекске сәйкес толық пайдалануға рұқсат етілген нысаналы даму трансферттерін қайтару ретінде айқындалады.

Бұл ретте есепті қаржы жылындағы көзделген бюджет қаражатының 5 (бес) пайызынан аспайтын мөлшерде есепті қаржы жылының қорытындылары бойынша блоктық бюджетті пайдаланатын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) бюджет қаражаты бюджет қаражатының игерілмеуі болып табылмайды.

Бюджет қаражатының үнемделуіне:

мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша қаражатты үнемдеу;

еңбекақы төлеу қоры бойынша үнемдеу: бос лауазымдардың болуы, ақысыз демалыстар беру және еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары бойынша, әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар бойынша төлемдер, банк қызметтеріне ақы төлеу, демалысқа шығу кестесінің өзгеруі есебінен ағымдағы шығындар бойынша үнемдеу;

бюджет қаражатын өзге де үнемдеу: бағамдық айырма, кредиттер, қарыздар бойынша сыйақы (мүдде) мөлшерлемесінің өзгеруі, инфляция индексінің өзгеруі, бағаның және табиғи тұтыну көлемінің өзгеруі есебінен қалыптасқан түгел пайдаланылмаған қаражат қалдығы, іссапар шығыстары бойынша үнемдеу, жоспарланғанға қарағанда бюджет қаражатын алушылардың іс жүзіндегі санының азаюы, іс-шараларға шығу және өткізу мерзімінің көшірілуіне байланысты ағымдағы шығындар бойынша іс-шаралар жоспарының өзгеруі, өкілдік шығындар мен шетелдік іссапарларды қоса алғанда, бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінбеген қалдық, бюджет қаражатын нәтижелерге қол жеткізу шартымен қысқарту немесе оңтайландыру нәтижесінде алынған үнемдеу.

Есепті жыл қорытындылары бойынша бюджет қаражатының игерілмеуіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің Анемесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша өткен қаржы жылында бөлінген, Бюджет кодексінің 115-бабына сәйкес ағымдағы қаржы жылы толық пайдалануға рұқсат етілген нысаналы даму трансферттерінің игерілмеу сомасы қосылады.

Төмен тұрған бюджеттер жергілікті атқарушы органдарының жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді және бюджеттік кредиттерді игермеу сомасы жоғары тұрған бюджет үшін бюджет қаражатын игермеуге жатпайды.

Жүргізілген бюджеттік мониторинг негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар ай сайын есепті айдан кейінгі айдың оныншы күніне осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ қорғалатын тұлғалардың және объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бөліндісінде қабылданбаған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының уақтылы орындалмауы туралы ақпарат – ескерту жібереді.

Барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ қорғалатын тұлғалардың және объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне ай сайын есепті айдан кейінгі айдың оныншы күніне Бюджет кодексінің 1-бабының 3-тармағына сәйкес қабылданған бірақ төленбеген міндеттемелер туралы ақпаратты ұсыну туралы еске салу жіберіледі.

19. Талдамалы есепті жасау үшін мемлекеттік қазынашылық, бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары есептіден кейінгі айдың алғашқы бес жұмыс күні ішінде, сыртқы қарыздарды есептемегенде бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бөлінісінде қаржыландыру жоспарлары мен төленген міндеттемелер бойынша деректерді "е-Минфин" ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – АЖ) жүктейді. Сыртқы қарыздарды ескере отырып, есепті деректердің қалыптастырылуына қарай бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар көрсетілген ақпаратты АЖ-ға қайталап жүктейді.

20. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың алғашқы бес жұмыс күнінен кешіктірмей және есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей, ал республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың алғашқы жеті жұмыс күнінен кешіктірмей және есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей мемлекеттік қазынашылыққа, бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға немесе аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарына осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-МББӘ нысаны бойынша (бұдан әрі – 1-МББӘ нысан) АЖ-да қалыптастырылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есепті ұсынады. Аталған есепте әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша төлемдер бойынша жоспарлардың орындалмау себептері және қаржыландыру жоспарларының орындалмауына әкеп соқтырған факторларды көрсете отырып, міндеттемелер бойынша жоспарға сәйкес міндеттемелерді уақтылы қабылдамау себептері егжей-тегжей толтырылады.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары ай сайын есепті айдан кейінгі айдың алғашқы бес жұмыс күнінен

кешіктірмей және есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органына осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес 1-МУО нысаны бойынша (бұдан әрі – 1-МУО нысан) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы талдамалы есепті ұсынады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары ай сайын есептіден кейінгі айдың 7-сі күнінен кешіктірмей және есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей облыстың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органына осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес 1-МУО нысаны бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы талдамалы есепті ұсынады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-сі күнінен кешіктірмей және есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 ақпаннан кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес 1- МУО нысаны бойынша жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы талдамалы есепті ұсынады.

21. Мемлекеттік қазынашылық есепті айдан кейінгі айдың 12-сі күніне кешіктірмей және есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей, бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға талдау жүргізу үшін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің есебі негізінде қалыптастырылған бюджеттік бағдарламаны іске асырылуына мониторинг нәтижесі туралы жиынтық есептілікті, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджеттің атқарылуын талдау функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне бюджеттің шығыс бөлігінің атқарылуы жөніндегі ақпаратты ұсынады.

22. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджеттің атқарылуына талдау жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес республикалық бюджеттің атқарылуы туралы талдамалы есепті АЖ қалыптастырады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 20-күніне дейін тиісті бюджетті әзірлеу немесе нақтылау кезінде есепке алу үшін тиісті бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есептің нәтижелерін осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға ұсынады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар тоқсан сайын (бірінші тоқсанның қорытындыларынан бастап) есепті тоқсаннан кейінгі 25-і күніне дейін және қаржы жылының қорытындылары бойынша – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25 ақпанынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне, сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына, жергілікті атқарушы

органдарға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы талдамалы есепті ұсынады.

Есепті тоқсандағы және қаржы жылының қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне, сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың уәкілетті органдарына, жергілікті атқарушы органдарға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсыну үшін республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы талдамалық есеп төлемдер бойынша жоспарлардың орындалмау себептерін және міндеттемелер жөніндегі жоспарға сәйкес міндеттемелерді уақтылы қабылдамау себептерін көрсете отырып, жүргізілген бюджеттік мониторинг нәтижелеріне негізделеді.

23. Игерілмеу себептеріне мыналар:

өнім берушілердің орындалмаған шарттық міндеттемелері: өнім берушілердің шарт талаптарын бұзуы, өнім берушілердің тауарларды жеткізбеуі (уақтылы, жиынтықтап жеткізбеуі), жұмыстарды жүргізу (қызметтерді көрсету) кестесінен артта қалу, орындалған жұмыстар актілерін, шот-фактураларды уақтылы ұсынбау, төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың болмауы немесе ұсынылмауы;

мемлекеттік сатып алу бойынша: өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстар, конкурстық рәсімдерді уақтылы өткізбеу (өткізбеу), конкурстық рәсімдерді өткізу мерзімдерін ауыстыру, конкурстық рәсімдердің ұзақ өткізілуі;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) басқаруы: шарттар жасаспау, шарттарды, қосымша келісімдерді жасасу рәсімдерін ұзақ жүргізу, қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізу қажеттілігі, төлем құжаттарын ұзақ келісу, жоспарланған іс-шараларды уақтылы өткізбеу, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өнім берушілер нарығын сапасыз талдау, қазынашылық органында тіркеуге арналған шарттардың кеш ұсынылуы, қазынашылық органына төлемге шоттың кеш ұсынылуы, құжатты орындамай қайтару (дұрыс ресімдемеу, ерекшелікті дұрыс қолданбау, ақша алушылардың деректемелерінің сәйкес келмеу себебі бойынша және басқалар), аванстық төлем мөлшерінің азаюы, шарттың келісу сатысында болуы, техникалық-экономикалық негіздемелерді, қаржы-экономикалық негіздемелерді, жобалау-сметалық құжаттамаларды түзету, бюджет қаражатының талап етілмеуі, көтеріңкі құндық және сандық көрсеткіштер жатады;

өзге де себептер: еңсерілмейтін күш жағдаяттары (осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлар (мысалы, дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары) , сот талқылаулары, сот шешімдері бойынша төлемдерді жүргізу, сотта мемлекеттің мүддесін қорғау жөніндегі талап-арыз жұмыстарын жүргізу, бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру бойынша нормативтік құқықтық актілерді уақтылы қабылдамау, баптар бойынша ерекше шығындар, көрсетілген

қызметердің іс жүзіндегі көлеміне төлем, сот шешімдерінің болмауы, сот қаулыларына ұзақ қол қою, есепті айда қаражатты жұмсауға қажеттіліктің болмауы, бақылау органдарының тексеру актілері бойынша бюджет қаражатын қайтару, мемлекеттік қабылдау комиссияларының объектілерді қабылдауы туралы актіге қол қоймауы, шарт талаптары бойынша 5 пайызды ұстап қалу, қадағалаушы органдардың нұсқамаларына сәйкес шығыстарды тоқтата тұру, бюджетті нақтылау кезінде шығыстарды оңтайландыру, мердігердің көрсетілген қызметтерді түпкілікті төлеуге берген хабарламасына қол қоймау, тиісті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотында қаражаттың жеткіліксіздігіне байланысты бюджеттен қаражатты толық қаржыландырмау жатады.

24. 1-МББӘ нысанды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы бағдарламалық қамтыммен қалыптастырылатын форматта АЖ-да толтыруға тиіс.

25. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есептегі барлық құн көрсеткіштері бір ондық мәнімен мың теңгеде ұсынылады.

26. Талдау нәтижелері бюджеттерді атқару жөніндегі тиісті уәкілетті органның басшылығының қаперіне ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-күніне жеткізіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар тиісті жылға республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы талдамалық есепті дайындау кезінде мынадай деректерді пайдаланады:

өткен қаржы жылында бөлінген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша ағымдағы жылы түгел пайдалануға рұқсат етілген нысаналы даму трансферттерін түгел пайдалану туралы талдамалық есеп осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес;

республикалық бюджеттен бөлінген бюджет қаражатының игерілмеуі жөнінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес;

республикалық бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалуды туралы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес.

27. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ағымдағы айдың жиырма күнінен кешіктірмей мемлекеттік қазынашылыққа осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының күтілетін орындалуы туралы ақпаратты ұсынады.

3-параграф. Облыстық бюджеттерге, астана, республикалық маңызы бар қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттердің атқарылуын талдау

28. Облыстық бюджеттерге, астана, республикалық маңызы бар қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттердің атқарылуын талдауды республикалық және жергілікті бюджеттердің

атқарылуы жөніндегі есептілік және бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері берген ақпараттар негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар жүзеге асырады.

29. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына:

1) Республикалық бюджеттен трансферттер (кредиттер) есебінен іске асырылатын және жергілікті бюджеттен бөлінген даму мен кредиттерге арналған нысаналы трансферттерді, нысаналы ағымдағы трансферттерді іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есептерді 2-НТББӨ нысаны бойынша осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес:

есепті айға – ай сайын есептіден кейінгі айдың 4-і күнінен кешіктірмей;

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 18 қаңтарынан кешіктірмей;

2) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің өткен қаржы жылында бөлінген және жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша түгел пайдалануға рұқсат етілген республикалық бюджеттен берілген нысаналы даму трансферттерін ағымдағы жылы түгел пайдалану туралы ақпаратты 3-ТПББӨ нысаны бойынша осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес:

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

30. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органына:

1) Республикалық бюджеттен трансферттер (кредиттер) есебінен іске асырылатын және аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен бөлінген даму мен кредиттерге арналған нысаналы трансферттерді, нысаналы ағымдағы трансферттерді іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есептерді осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес 2-НТАО нысаны бойынша:

есепті айға – есепті айдан кейінгі айдың 4-нен кешіктірмей;

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 18 қаңтарынан кешіктірмей;

2) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратының өткен қаржы жылында бөлінген және жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша ағымдағы жылы түгел пайдалануға рұқсат етілген нысаналы даму трансферттерінің түгел пайдаланылуы мониторингінің нәтижелері туралы ақпаратты осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес 3-ТПАО нысаны (бұдан әрі – 3-ТПАО нысан) бойынша:

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

31. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдары облыстың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органына:

1) облыстық бюджеттен бөлінген және республикалық бюджеттің трансферттері (кредиттері) есебінен іске асырылып жатқан нысаналы ағымдағы трансферттердің, дамуға арналған нысаналы трансферттер мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есепті осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес 2-НТА нысаны бойынша:

есепті айға – есепіден кейінгі айдың 6-і күнінен кешіктірмей;

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей;

2) өткен қаржы жылында бөлінген және жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша түгел пайдалануға рұқсат етілген республикалық бюджеттен берілген нысаналы даму трансферттерін ағымдағы жылы түгел пайдалану туралы аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының ақпаратын осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес 3-ТПА нысаны бойынша:

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

32. Облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдары бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға:

1) республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттердің, нысаналы даму трансферттері мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есептерді осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес 2-НТО нысаны (бұдан әрі – 2-НТО нысан) бойынша:

есепті айға – есепіден кейінгі айдың 8-і күнінен кешіктірмей;

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей;

2) өткен қаржы жылында бөлінген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша түгел пайдалануға рұқсат етілген республикалық бюджеттен берілген нысаналы даму трансферттерін ағымдағы жылы түгел пайдалану нәтижелері туралы облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының есебін осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес 3-ТПО нысаны бойынша:

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдары есептерді жасау кезінде республикалық бюджеттен бөлінген бюджеттің бекітілген, нақтыланған және түзетілген сомаларының дұрыс көрсетілуін қамтамасыз етеді және республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттардың игерілмеу себептерін талдауды жүзеге асырады.

Нысаналы ағымдағы трансферттердің, нысаналы даму трансферттері мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есептерді ұсыну үшін белгіленген мерзім демалыс (жұмыс істемейтін) күнімен сәйкес келген жағдайда есептер одан кейінгі бірінші жұмыс күні ұсынылады.

33. 2-НТО нысаны бойынша облыстық бюджеттерге, астана, республикалық маңызы бар қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттердің, нысаналы даму трансферттері мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есеп пен осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстық бюджеттерге, астана, республикалық маңызы бар қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттердің іске асырылуы туралы талдамалық есеп АЖ пайдалана отырып жасалады.

34. Облыстық бюджеттерге, астана, республикалық маңызы бар қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің, дамуға арналған нысаналы трансферттер мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есептер мен облыстық бюджеттерге, астана, республикалық маңызы бар қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттердің іске асырылуы туралы талдамалық есептердің шығу нысандары бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған АЖ арқылы ұсынылады.

35. Облыстық бюджеттерге, астана, республикалық маңызы бар қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің, дамуға арналған нысаналы трансферттер мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есептеріндегі және облыстық бюджеттерге, астана, республикалық маңызы бар қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттердің іске асырылуы туралы талдамалық есептердегі барлық құн көрсеткіштері теңгеде толтырылып, сонымен қатар шығыс нысандарында бір ондық белгімен мың теңгеде көрсетіледі.

36. Облыстық бюджеттерге, астана, республикалық маңызы бар қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттердің атқарылуын талдау нәтижелері бюджетті атқару жөніндегі тиісті уәкілетті орган басшылығының қаперіне жеткізіліп отырады.

37. Нысаналы трансферттердің атқарылуына талдау жүргізу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың есепті деректерінің негізінде республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер бойынша осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір жылдық жоспардың күтілетін орындалуына болжамдауды жүзеге асырады.

3-тарау. Бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуын талдау тәртібі

38. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есепті осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес 4-ББИА нысаны бойынша жасайды және әрбір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) бөлінісінде қағаз және электрондық тасығыштарда оған түсіндірме жазбамен есептіден кейінгі жылдың 15 ақпанына дейінгі мерзімде ұсынылады.

39. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынған ақпараттың, ішкі бақылау қызметтерінің материалдары, сондай-ақ ішкі және сыртқы факторлардың әсерін анықтау негізінде бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) паспортында көзделген нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу жөнінде талдау жүргізеді.

40. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты бюджеттік бағдарламалардың паспортында көзделген нәтижелер көрсеткішіне қол жеткізудің талдауын оның негізінде алынған ақпаратты Түсімдер бойынша тиісті бюджетті атқару туралы, сондай-ақ бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы талдамалық есепке енгізу үшін жүзеге асырады.

4-тарау. Нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген түпкілікті нәтижелер туралы есепті жасау және ұсыну тәртібі

41. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес 5-НТ нысаны бойынша бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген түпкілікті нәтижелер туралы есепті жасайды.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері жылдың қорытындылары бойынша бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген түпкілікті нәтижелер туралы есепті есептіден кейінгі жылдың 18 қаңтарына дейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне ұсынады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жылдың қорытындылары бойынша бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген түпкілікті нәтижелер туралы есепті есептіден кейінгі жылдың 20 қаңтарына дейін облыстың тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне ұсынады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жылдың қорытындылары бойынша бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген түпкілікті нәтижелер туралы есепті есептіден кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейін республикалық бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісіне ұсынады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі есептіден кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға бөлінген

нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген түпкілікті нәтижелер туралы жиынтық есепті ұсынады.

Түпкілікті нәтижелердің әрбір көрсеткіші бойынша нәтижелерге қол жеткізу өңірлер мен іс шаралар бөлінісінде көрсетіледі.

5-тарау. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуын талдау тәртібі

42. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауыл округі бюджетін атқаруға талдау жүргізу үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауыл округі әкімдігінің аппараты есепті жылдан кейінгі айдың 5-і күніне дейінгі мерзімде бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы жарты жылдықтың және есепті жылдың қорытындылары бойынша есеп жасайды.

43. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округі әкімдігінің аппараты бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есепті жергілікті қауымдастық комиссиясының мүшелеріне есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне дейінгі мерзімде ұсынады.

44. Жергілікті қоғамдастықтың комиссия мүшелері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауыл округі әкімінің аппараты ұсынған аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округі бюджетінің атқарылуын талдау нәтижелерін қарайды және олардың негізінде жартыжылдықтың және есепті жылдың қорытындылары бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-сі күніне дейін мониторинг нәтижелері туралы есепті жасайды.

45. Мониторинг нәтижелері туралы есеп аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы талдамалық ақпаратты (бұдан әрі – Талдамалық ақпарат) қамтиды.

46. Талдамалық ақпарат мынаны қамтиды:

1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетіне түсетін түсімдер бойынша талдамалық деректер;

2) орындалмау себептерін негіздей отырып, бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға арналған жоспарлы және нақты шығыстар;

3) бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат;

4) жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша қорытындылар.

47. Жергілікті қоғамдастықтың комиссиясы мүшелері қол қойған мониторинг нәтижелері туралы есеп жергілікті қоғамдастық жиналысының талқылауына есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-сы күніне дейін шығарылады.

48. Мониторинг нәтижелері туралы есепті талқылау қорытындылары бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы тиісті хаттамамен ресімделетін аудандық маңызы

бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің тиімді атқарылуы жөнінде ұсынымдар қабылдайды.

49. Хаттамаға жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысы қол қояды және аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауыл округінің әкіміне жіберіледі.

50. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің тиімді атқарылуы жөніндегі ұсынымдарды аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауыл округінің әкімі қарайды және негізделген қорытындысымен есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-сі күніне дейін жергілікті қоғамдастықтың кезекті жиналысына шығарылады.

51. Тиісті жергілікті бюджеттерді қалыптастыру және нақтылау кезінде аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауыл округінің әкімінің ұсынған қорытындысын және жергілікті қоғамдастықтың жиналысы берген ұсынымдарын қарау бойынша қорытындылар нәтижелері есепке алынады.

6-тарау. Кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қолдау көрсету шеңберінде алынған бюджет қаражатын пайдалану мониторингінің нәтижелері туралы, мемлекеттік тапсырманың орындалуы туралы есептерді жасау және ұсыну тәртібі

52. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес 5-МҚ нысаны бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде мемлекеттік қолдау көрсету шеңберінде алынған бюджет қаражатын кәсіпкерлік субъектілерінің пайдалану мониторингінің нәтижелері туралы есепті жасайды.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері жыл қорытындысы бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламаларының тиісті әкімшісіне есепті жылдан кейінгі жылдың 18 қаңтарына дейін мемлекеттік қолдау көрсету шеңберінде алынған бюджет қаражатының кәсіпкерлік субъектілерін пайдалану мониторингінің нәтижелері туралы есепті электрондық құжат айналымы арқылы ұсынады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері жыл қорытындысы бойынша мемлекеттік қолдау көрсету шеңберінде алынған бюджет қаражатын кәсіпкерлік субъектілерінің пайдалану мониторингінің нәтижелері туралы есепті электрондық құжат айналымы арқылы есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарына дейін облыстың бюджеттік бағдарламаларының тиісті әкімшісіне ұсынады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері жыл қорытындысы бойынша мемлекеттік қолдау көрсету шеңберінде алынған бюджет қаражатын кәсіпкерлік субъектілерінің пайдалану

мониторингінің нәтижелері туралы есепті республикалық бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісіне есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейін электрондық құжат айналымы арқылы ұсынады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қолдау көрсету шеңберінде алынған бюджет қаражатын пайдалану мониторингінің нәтижелері туралы жиынтық есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

53. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес 5-МТ нысаны бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде мемлекеттік тапсырманың орындалуы туралы есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынуды.

7-тарау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервін пайдалану туралы, жергілікті атқарушы органның резервін пайдалану туралы есептерді жасау және ұсыну тәртібі

54. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен бөлінген ақшаны алатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жарты жылға және жыл қорытындылары бойынша олардың пайдаланылуы, орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есептерді тиісінше бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органдарға ұсынуға тиіс.

55. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес 1-Р нысаны бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінің ақшасын пайдалану туралы есепті ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

56. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ай сайын тиісті жергілікті атқарушы органның әкімдігіне осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес 2-Р нысаны бойынша жергілікті атқарушы орган резервтерінің ақшасын пайдалану туралы есепті ұсынады.

Бюджеттік мониторинг
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Бюджеттік мониторинг бойынша есептілік нысандардың тізімі

№	Нысан атауы	мерзімділігі		
		ай сайын	тоқсан сайын	жыл сайын
1	2	3	4	5
